

Облыстың әкімшілік аумақтық құрылысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәслихаты мен облыс Әкімінің кезектен тыс сессиясында қабылдаған 1997 жылғы 30 мамырдағы N 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1997 жылғы 29 желтоқсанда N 13 тіркелді

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтін бойынша қазақ тілінде "селолық", "селосы", "селолары" сөздері "ауылдық", "ауылы", "ауылдары" сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" N 3377 Жарлығына сәйкес және облыстық мәслихат пен облыс Әкімінің жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының пікірлерін есептей, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгеріс енгізе отырып, қалалар мен селолар округтерінің саны 135-тен 112-ге дейін қысқартылсын;

- қызметін Хромтау аудандық әкім аппаратына бере отырып, Хромтау қаласындағы әкім аппараты таратылсын;

- аудандардағы келесі ауылдық округтер қысқартылсын:

Алғадан	- Сарықобда аумағы Ильинка ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Ильинка а у ы л ы) ; - Қарағаш аумағы Бестамақ ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Бестамақ ауылы);
Байғаниннен	- Миялы аумағы Жаңа жол ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Оймауыт ауылы);
Бөгеткөлден	- Толыбай аумағы Ақтасты ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Ақтасты а у ы л ы) ; - Сары ат аумағы Басқұдық ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Тымабұлақ ауылы);
	- Сарыбұлақ аумағы Ленин ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Ленин ауылы) ;

Лениннен	- Краснополян аумағы Ащылысай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Григорьевка ауылы);
Мәртөктен	- Құм шоқат, аумағы Первомай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Вознесенка ауылы); - Линовицкий аумағы Қарашай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Қаратоғай ауылы); - Покровский, аумағы Байтөресай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Байтөресай ауылы); - Студент аумағы Қызылжар ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Адреевка ауылы);
Мұғалжардан	- Еңбекші аумағы Егіндібұлақ ауылдық округтің құрамына қосылсын (Родники ауылы);
Темірден	- Кеңесту, аумағы мен қызметі аудан әкімі аппаратына берілсін. - Аксай, аумағы Бородиновка ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Бородиновка ауылы);
Хромтаудан	- Киров аумағы Абай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Сухиновка ауылы); - Мағаджан аумағы Новоресей ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Новоресей ауылы); - Сарысай аумағы Тас сай фермасынан басқа, Қызыл су ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Қызыл су ауылы). - Тас сай фермасы Абай ауылдық округтің құрамына қосылсын.
Қобдадан	- Бекалы аумағы Калининówka ауылдық құрамына қосылсын (орталығы Калининówka ауылы); - Теріс аққан аумағы Жаңа талап ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Жаңа талап ауылы); - Талдысай аумағы Бұлақ ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Әліпбасай ауылы);
Шалқардан	- Аманкелді аумағы Ақтоғай ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Бершүгірстансасы); - Бершүгір аумағы Солёная ауылдық округтің құрамына қосылсын (орталығы Қауылжар ауылы);

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Аудандардың ономастикалық комиссияларының қорытындысымен, өкілетті және атқарушы органдардың ұсынысымен келісе отырып аты өзгертілсін:

- Шалқар ауданындағы Солёная ауылдық округі Қауылжыр ауылдық округі болсын;
Ленин атындағы - Ленин ауылдық округі Қосестек ауылдық округі болып;
- Ленин ауылы Қосестек ауылы болып.

3. Шалқар ауданының өкілетті және атқарушы органдарының ұсынысы бойынша ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгеріс енгізілсін. Жекелеп айтқанда:

- Ақтоғай ауылдық округінің "Сары шоқы" ауылы Солёный ауылдық округтің қарамағына берілсін;

- Айшуақ ауылдық округінің Южное және Есет Көтібарұлы атындағы ауылдық округінің "Қаңбақты" ауылдары Бозой ауылдық округінің қарамағына берілсін;

- Есет Көтібарұлы атындағы ауылдық округтің Есет ата ауылы ауылы Айшуақ ауылдық округтің қарамағына берілсін;

- Жаңа қоныс ауылдық округтің Қызыл жұлдыз ауылы Шалқар қаласы қарамағына берілсін;

Ескерту. 3 тармаққа орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Облыстық қаржы басқармасы (Б.Е. Жантеміров) облыстық әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарды қаржыландыру мәселесін шешсін.

5. Аудандар әкімі осы шешімге сәйкестендіре отырып, атқарушы органдардың құрылымын жүргізу жөніндегі қажетті жұмыстарды атқарып, штатты, қайта құрылған ауылдық округтердің еңбек ақысын төлеу жағдайын бекітсін.

6. Статистика және талдау басқармасы (А.Д. Мұқаев) мәліметтен осы шешімде көрсетілген таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді шығарып тастасын.

7. Жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитет (М.Н. Жекеев) аудандардың мәліметі бойынша жер-кадастр құжаттарын тәртіпке келтірсін.

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

Облыс Әкімі